

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 8 қараша N 1424

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Z970136_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомстары, 1997 ж., N 12, 186-бап; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 2001 жылы 22 тамызда жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қылмыстық атқару жүйесін реформалау және осы жүйе қызметкерлерінің мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Z010244_ Заңы; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 2001 жылы 16 қазанда жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары мен басқа да мемлекеттік органдар

қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қазандағы Z010247_ Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) 1 - б а п т а :

үшінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"банк-кастодиан - бағалы қағаздар, құжатталған бағалы қағаздарды сақтау жөніндегі құқықтарды есепке алу және тіркеу және клиенттердің ақшасын есепке алу жөніндегі қызметті жүзеге асырушы банк;

жинақтаушы зейнетақы қорының салымшысы (бұдан әрі салымшы) - міндетті немесе ерікті зейнетақы жарналары есебінен өз пайдасына зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан және жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шоты бар жеке тұлға немесе республикалық немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен міндетті зейнетақы жарналарын жүзеге асырушы агент, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары және/немесе ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес қызметкердің пайдасына өзінің жеке қаражаты есебінен ерікті зейнетақы жарнасын және/немесе ерікті кәсіптік зейнетақы жарнасын жүзеге асыратын агент;"

бесінші абзац алынып тасталсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілетті ұйым (бұдан әрі - Орталық) - осы Заңның шарттары бойынша зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы бар азаматтарға республикалық бюджеттен зейнетақыларды төлеуге бөлінетін қаржы есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға, азаматтарға әлеуметтік жеке код тағайындауға, міндетті зейнетақы жарналарының есебін жүргізуге, міндетті зейнетақы жарналарын агенттерден жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға, Орталыққа аударылған және Орталықтан агентке қайтарылған сомалар бойынша тізілімдер мен төлем құжаттарын салықтық бақылауды қамтамасыз ететін орталық атқарушы органға беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа да функцияларды орындауға Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілеттік берген мемлекеттік кәсіпорын;"

жетінші және сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"диверсификация - зейнетақы активтерінің жоғалып кету қатерін азайту мақсатында оларды уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес қаржы құралдарына орналастыру;

ерікті зейнетақы жарналары - салымшылардың өз бастамасымен жинақтаушы зейнетақы қорларына өзінің пайдасына және/немесе қызметкерлердің пайдасына зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарда және шарттарда белгіленетін тәртіппен ерікті зейнетақы жарналары есебінен енгізетін ақшасы;"

тоғызыншы абзац алынып тасталсын;

оныншы абзацтағы "бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі уәкілетті орган

белгілеген тәртіппен" деген сөздер алынып тасталсын;
он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке зейнетақы шоты - салымшының/алушының жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті және/немесе ерікті зейнетақы жарналары өз пайдасына есептелетін атаулы шоты, сондай-ақ алушының агент жүзеге асыратын ерікті зейнетақы жарналары немесе ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары, инвестициялық кіріс, өсімпұл және шарттарға сәйкес зейнетақы төлемдері жүргізілетін өзге де түсімдер есептелетін атаулы шоты ; "

он үшінші және он төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"жинақтаушы зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания - уәкілетті орган берген лицензия негізінде жинақтаушы зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын заңды тұлға;" ;

жинақтаушы зейнетақы қоры - лицензия негізінде зейнетақы жарналарын тартуды және зейнетақы төлемдерін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарда белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық басқару қызметін жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға;" ;

он бесінші абзац алынып тасталсын ;

он алтыншы және он жетінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"міндетті зейнетақы жарналары - салымшының заңдарда белгіленген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларына осы Заңға сәйкес енгізетін ақшасы ;

Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындайтын орган халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган;" ;

жиырмамыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"зейнетақы активтері - зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін және аударымдарды, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларынан алып қоюларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға арналған ақша, бағалы қағаздар, өзге де қаржы құралдары;" ;

жиырма үшінші абзацтағы "ақша" деген сөз "зейнетақы жинақтары" деген сөздермен ауыстырылсын ;

жиырма төртінші және жиырма бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"зейнетақы жинақтары - міндетті зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын, инвестициялық кірісті, өсімпұлдарды және шарттарға, осы Заңға, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де түсімдерді қоса алғанда салымшының/алушының дербес зейнетақы шоттарында есептелетін ақша ;

зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт - зейнетақы жарналарына және жинақтарына байланысты құқықтық қатынастарды белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы, бір жағынан жинақтаушы зейнетақы қоры және екінші жағынан салымшы арасында жасалатын шарт (келісім);" ;

жиырма алтыншы және жиырма жетінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"зейнетақы төлемдерін алушы (бұдан әрі - алушы) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар жеке тұлға және (немесе) Орталықтан зейнетақы төлемдері тағайындалған жеке а д а м ;

пруденциялық норматив - жинақтаушы зейнетақы қорының және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның қаржы орнықтылығын қамтамасыз ету үшін заңдарда белгіленетін экономикалық талаптар;"

жиырма тоғызыншы абзац алынып тасталсын;
отызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"міндетті зейнетақы жарналарының ставкасы - егер осы Заңда өзгедей көзделмесе, салымшының зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын кірісінің пайыздық қатынаспен көрсетілген жинақтаушы зейнетақы қорына төлем мөлшері;"

отыз бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілетті орган - жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың, банк кастадиондердің, сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

о т ы з е к і н ш і а б з а ц т а ғы :

"қамсыздандырылуға құқығы бар әрбір азаматқа" деген сөздер "қамсыздандырылуға құқығы бар адамдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"азаматтарды бірегейлендіру бойынша басқа да әлеуметтік рәсімдер" деген сөздердің орнына "әлеуметтік төлемдерді дербестендіру мақсатында" деген сөздер ж а з ы л с ы н ;

отыз үшінші абзацтағы "бөлектеп есеп жүргізу" деген сөздер "жинақтаушы зейнетақы қорларында бөлектеп есеп жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент (бұдан әрі - агент) - Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаларды қоса алғанда, заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қызметкерлердің табыстарынан міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына есептейтін, ұстап қалатын (есептейтін) және аударатын шетелдік заңды тұлғалардың ф и л и а л д а р ы , ө к і л д і к т е р і ;

ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары - салымшылардың өз бастамашалығымен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін кәсіптер тізбесі бойынша қызметкерлердің пайдасына заңдарда және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленген тәртіппен Жинақтаушы зейнетақы қорларына енгізетін ақшасы;"

зейнетақылық аннуитет шарты - оған сәйкес сақтанушы (зейнетақы төлемдерін

алушы) сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарының сомасын беруге міндеттенетін, ал сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемдерін сақтанушының пайдасына өмір бойына немесе белгілі бір кезең ішінде жүзеге асыруға міндеттенетін сақтандыру шарты;

ерікті зейнетақы жарналарының ставкасы - ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленген жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін төлемнің мөлшері;

ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының ставкасы - ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта және осы заңда белгіленген жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін төлемнің мөлшері;

сақтандыру ұйымы - уәкілетті органның лицензиясы негізінде "өмірді

сақтандыру" саласында сақтандыру қызметін жүзеге асырушы заңды тұлға;

баспасөз басылымы - тізбесін уәкілетті орган белгілейтін мерзімдік баспасөз басылымы;"

сатып алу сомасы - зейнетақы аннуитеті шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде сақтанушы сақтандыру ұйымынан алуға құқығы бар ақшаның сомасы;

зейнетақы активтерін ұжымдық сақтандыру жүйесі жинақтаушы зейнетақы жүйесінің сенімділік деңгейі мен зейнетақы активтерінің сақталу деңгейін арттыру жөніндегі, сақтандыру тетігін пайдалана отырып жүзеге асыратын шаралар жүйесі.";

2) 4-бап алынып тасталсын;

3) 6-бапта:

1-тармақ алынып тасталсын;

2-тармақтағы:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар мен жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін пруденциалдық нормативтерді белгілеу;"

3-1) тармақша алынып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жинақтаушы зейнетақы қорларының ақша мен бағалы қағаздарды жинақтаушы зейнетақы қорларымен және зейнетақы активтерін басқару компанияларымен аффилиирленбеген банк-кастодиане ғана сақтау талабын белгілеу;"

8) тармақша алынып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) уәкілетті органның зейнетақы активтерін әртараптандыру жөніндегі талаптарды белгілеу;"

мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) зейнетақы активтерін ұжымдық сақтандыру жүйесін құру;"

4) 8-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қызметкерлеріне және соларға теңестірілген адамдарға ; " ;

2-тармақтағы "Жинақтаушы зейнетақы қорларында жинақталған зейнетақы қаражаты жоқ" деген сөздер алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Ұлы Отан соғысының қатысушысы немесе мүгедегі болған зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған жағдайда, оның отбасына немесе оны жерлеген жеке немесе заңды тұлғаға Орталықтан отыз бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеуге біржолғы төлем төленеді";

5) 9 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Зейнеткерлік жасына жеткен зейнеткерлерге, 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін еңбек сіңірген жылдары үшін тағайындалған зейнетақысын осы Заңның талаптары бойынша жалпы негіздерде қайта тағайындату құқығы беріледі";

4 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "және осы Заңның 60-бабының 2-тармақшасында көрсетілген адамдар қатарындағы еркектерге, қызметтен босатылған сәтінде" деген сөздермен толықтырылсын ;

2) тармақша "және осы Заңның 60-бабының 2-тармақшасында көрсетілген адамдар қатарындағы әйелдерге, қызметтен босатылған сәтінде" деген сөздермен толықтырылсын ;

5, 6-тармақтар "және осы Заңның 60-бабының 2-тармақшасында көрсетілген адамдарға, қызметтен босатылған сәтінде" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 13-баптың, 2-тармағының екінші бөлігі:

"белгіленеді" деген сөздің алдынан "Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындайтын орган белгілейтін тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 18-бап алынып тасталсын ;

8) 21-баптың 1-тармағы "жағдайлардан" деген сөзден кейін "сондай-ақ сотталғандардың, бас бостандығынан айрылғандардың табысынан ұстап қалатын жағдайлардан" деген сөздермен толықтырылсын;

9) III бөлімнің тақырыбы "қорларынан" деген сөзден кейін "және сақтандыру ұйымдарынан" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 7-тараудың тақырыбындағы "Зейнетақымен қамсыздандыруды ұйымдастыру" деген сөздер "Зейнетақымен қамсыздандыру" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеу

1. Міндетті зейнетақы жарналарын салымшылар осы Заңда белгіленген ставка бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге т и і с .

2. Міндетті зейнетақы жарналарын салушы міндетті зейнетақы жарналарын төлеу үшін бір ғана қорды таңдап алуға және онымен зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға міндетті. Міндетті зейнетақы жарналарын салушыларға міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы бір мезгілде екі және одан да көп шарт жасасуға жол берілмейтіні сияқты, салымшының міндетті зейнетақы жарналарын екі және одан да көп жинақтаушы зейнетақы қорына енгізуге, не жарнаны бір қорға төлеп, зейнетақы жинақтарының бір бөлігін екінші бір жинақтаушы зейнетақы қорында сақтауға да жол б е р і л м е й д і .

3. Осы Заңның 9-бабына сәйкес зейнет жасына жеткен адамдар жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады.

4. Міндетті зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - т е ण г е м е н т ө л е н е д і .

5. Міндетті зейнетақы жарналарының және осы Заңның 22-4-бабының 1-тармағына сәйкес есептелетін өсімпұлдардың толығынан және уақытында төленуін бақылауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық органдары жүзеге асырады.

6. Міндетті зейнетақы жарналары басқа адамдардың пайдасына төленбейді.";

12) мынадай мазмұндағы 22-1, 22-2, 22-3 және 22-4-баптармен толықтырылсын:

"22-1-бап. Міндетті зейнетақы жарналарының ставкасы

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларына төлеуге жататын міндетті зейнетақы жарналары міндетті зейнетақы жарналарын салушының міндетті зейнетақы жарналарын есептеуге қабылданатын айлық табысының он пайызы мөлшерінде белгіленеді. Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын айлық табыс ең төмен жалақының елу еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

2. Адвокаттар, жекеменшік нотариустар мен жеке кәсіпкерлер үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына олар өз пайдасына төлеуге жататын міндетті зейнетақы жарналары ең төмен жалақының кемінде он пайызы мөлшерінде белгіленеді, бірақ ең төменгі жалақының елу еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (есептеудің) және аударудың тәртібі мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді."

22-2-бап. Ерікті зейнетақы жарналарының ставкасы

1. Ерікті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына жеке тұлғадағы салымшылар ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасағанда өз табысы есебінен өз пайдасына енгізеді.

2. Ерікті зейнетақы жарналарын енгізуді өзінің меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырған жағдайда агенттер қызметкерлердің пайдасына ерікті жарна салушылар бола алады.

3. Ерікті зейнетақы жарналарының ставкасы мен оларды төлеудің тәртібі ерікті зейнетақы жарналарын есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

22-3-бап. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының ставкасы

1. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді агенттер өзінің жеке қаражаты есебінен кәсіптер тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін қызметкердің пайдасына жүзеге асырады.

2. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының ставкасы ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімі бойынша белгіленеді. Бұл ретте ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын ай сайынғы табыс Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен белгіленеді және ол Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ең төмен жалақының елу еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.";

22-4-бап. Міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстамағаны және аудармағаны үшін жауапкершілік

1. Міндетті зейнетақы жарналарының агент уақытында ұстамаған және аудармаған сомасы салымшыға нақты төленген және салымшы табысты алған жағдайда оларды салық органдары өндіріп алады немесе оны агент осы сомалар нақты төленетін күнде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 еселенген мөлшерінде әрбір кешіктірілген күн (Орталыққа төлейтін күнді қоса алғанда) үшін міндетті зейнетақы жарналарын салушының пайдасына өсім есептей отырып аударуға тиіс.

2. Міндетті зейнетақы жарналарын толық және/немесе уақытында аударылмаған жағдайда салық органдары жинақталып қалған берешектер шегіндегі ақшаны агенттердің банктік шоттарынан өндіріп алуға құқылы. Бұл ретте агент салық органдарының инкассалық өкімімен ұсынылған берешектер пайдасына өндіріліп алынатын жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының тізімін қызмет көрсетуші банкке ұсынуға тиіс."

3. Салық органдарының шешімі бойынша, егер агент салық органдарының инкассалық өкімімен ұсынылған берешектер пайдасына өндіріліп алынатын жинақтаушы зейнетақы салымшыларының тізімін ұсынбаса, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын бойынша берешектері болса, банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы басқа да ұйымдар агенттердің банктік шоттарындағы барлық шығыс операцияларын тоқтатуға және ең алдымен, міндетті зейнетақы жарналарын аударуға қатысты нұсқауларды орындауға міндетті.

4. Банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа

да ұйымдар міндетті зейнетақы жарналарының сомасын осы сомаларды агенттердің банктік шоттарынан есептен шығару күні Орталық арқылы аударуға тиіс.

13) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдеріне жинақтаушы зейнетақы қорларында жинақтары бар адамдардың мына жағдайларда құқығы бар:

1) осы Заңның 9-бабының 1,2 және 3-тармақтарында көзделген талаптар б а с т а л ғ а н д а ;

2) еңбек қызметін тоқтатқанда және 55 жасқа толғанда;

3) егер мүгедектігі мерзімсіз белгіленсе, 1 және 2 топтағы мүгедектер;

4) осы Заңның 60-бабының 1-1-тармағында және 65-бабының 4-тармағында к ө р с е т і л ғ е н :

5) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен және кету ниетін немесе фактісін растайтын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құжаттарды берген адамдар. Бұл ретте Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге кетер кезінде зейнетақы жинақтарын алып қойған адамға осы Заңның 5-бабының 2-тармағының нормасы қолданылмайды.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорларында міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұрагерлікке қалдырылады."

14) мынадай мазмұндағы 23-1, 23-2 және 23-3-баптармен толықтырылсын:

"23-1-бап. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері

1. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдеріне жинақтаушы зейнетақы қорларында зейнетақы жинақтары б а р м ы н а л а р д ы ң :

1) 55 жасқа толған адамдардың;

2) мүгедектердің құқығы бар.

2. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұрагерлікке қалдырылады.

23-2-бап. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы т ө л е м д е р і

1. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдеріне еңбек қызметін тоқтатқан және 50 жасқа толған адамдардың қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұрагерлікке қалдырылады.

23-3 бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы жинақтарын төлеу

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін төлеу жеке зейнетақы шоттарында зейнетақы төлемдері бар алушыларға оның жеке басын растайтын куәлігі болғанда жүргізіледі.

2. Осы Заңның 9-бабының 1, 2 және 3-тармақтарында көрсетілген адамдар өз қалауы бойынша зейнетақы төлемдерін жинақтаушы зейнетақы қорынан белгіленген кестеге сәйкес зейнетақы төлемдері түрінде немесе зейнетақы аннуитетінің шартына сәйкес зейнетақы жинақтары есебінен сақтандыру ұйымынан зейнетақы төлемдері түрінде алуға құқылы.

3. Алушыға Орталықтан тағайындалған зейнетақы төлемдерінің және кесте бойынша төленетін зейнетақы төлемдерінің ай сайынғы сомасы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем болмауға тиіс.

Егер Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері ең төмен зейнетақы мөлшерінен аз болса, онда жинақтаушы зейнетақы қоры кесте бойынша зейнетақы төлемдерін ең төмен зейнетақы мөлшері мен Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің сомасы арасындағы айырма ретінде жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін есептейді.

4. Кесте бойынша зейнетақы төлемдерін есептеуді жүзеге асырудың әдістемесін және кезеңділігін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан ерікті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

6. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақтардан зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың тәртібі мен алушы ұсынатын құжаттардың тізбесі ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың талаптарында белгіленеді.";

15) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы мәліметтер беру

1. Агенттер, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгедей көзделмесе, әр айдың 15-іне дейінгі мерзімде салық органдарына міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (есептелген) және аударылған сомалары жөнінде мәліметтер ұсынады. Мәліметтер ұсынудың тәртібін Орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындайтын орган салықтық бақылауды қамтамасыз ететін орталық атқарушы органмен келісе отырып белгілейді.

2. Агенттер тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-ына дейін, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгедей көзделмесе, салымшылардың аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы мәліметтерді жинақтаушы зейнетақы қорларына уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша ұсынуға міндетті.

Агенттер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес әрбір қызметкер бойынша есептелген, ұсталған (есептелген) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарына бастапқы есеп жүргізуге міндетті.";

1 6) 2 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері: зейнетақы жарналары , инвестициялық кіріс, жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақыларын шегергендегі айыппұл санкциялары (өсімпұл) және зиянды өтеу ретінде түскен қаражат е с е бі н е н қ а л ы п т а с а д ы . " ;

2 - т а р м а қ т а ғ ы :

"алушының" деген сөзден кейін "жинақтаушы" деген сөздермен;
"және" деген сөзден кейін "/немесе" деген сөзбен толықтырылсын;

2 - 1 т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

3) тармақшадағы "заңдарға сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын және " зейнетақы қорына" деген сөздерден кейін "не зейнетақы аннуитеті бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сақтандыру ұйымына" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зейнетақы төлемдерін төлеумен және зейнетақы жинақтарын аударумен байланысты шығыстарды өтеуге.";

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

1 7) 2 6 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кастодиандық шарт банк-кастодиан, жинақтаушы зейнетақы қоры және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания арасында жасалады. Егер зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жинақтаушы зейнетақы қоры өз бетінше жүзеге асыратын болса, онда кастодиандық шарт банк-кастодиан мен жинақтаушы зейнетақы қ о р ы а р а с ы н д а ж а с а л а д ы . " ;

2-1 тармақтағы "бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздер алынып тасталсын

3 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Банк-кастодиан мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің мақсатты орналастырылуына бақылау жасайды және олар заңдарға сәйкес келмеген жағдайларда зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның немесе жинақтаушы зейнетақы қорларының (егер зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жинақтаушы зейнетақы қоры дербес жүзеге асыратын болса)

тапсырмаларына шек қоюға (орындамауға) және бұл жөнінде бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі уәкілетті орган мен мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорын дереу хабардар етуге міндетті.

екінші бөліктегі "бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

18) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жинақтаушы зейнетақы қорларының алушылары мен агенттерінің құқықтары мен міндеттері

1. Міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының және жинақтаушы зейнетақы қ о р л а р ы а л у ш ы л а р ы н ы ң :

1) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу үшін жинақтаушы зейнетақы қорын таңдауға;

1-1) жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары (акционерлері), зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания және банк-кастодиан туралы уәкілетті орган белгілеген көлемде ақпарат алуға;

2) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алуға;

3) жинақтаушы зейнетақы қорының іс-әрекетіне сот тәртібімен шағым жасауға;

4) егер осы Заңда зейнетақы төлемдерін алудың өзгедей тәртібі көзделмесе, жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алуға;

5) өзінің зейнетақы жинақтарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне жылына екі реттен асырмай аударуға;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзінің зейнетақы жинақтарын м ұ р а е т і п қ а л д ы р у ғ а ;

7) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрғылықты тұруға кетер кезінде заңдарға сәйкес зейнетақы жинақтарын алып кетуге;

8) зейнетақы жинақтарын жинақтаушы зейнетақы қорынан сақтандыру ұйымына а у д а р у ғ а ;

9) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге а с ы р у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Агенттер міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың көшірмесін қызметкерден талап етуге құқылы.

3. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары мен жинақтаушы зейнетақы қ о р л а р ы н ы ң а л у ш ы л а р ы :

1) зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес бір мезгілде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы бір шарттың ғана тарабы болуға және міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын тек қана бір жинақтаушы зейнетақы қорында ұстауға;

2) жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттемелерін орындауға әсер ететін барлық

өзгерістер туралы жинақтаушы зейнетақы қорларына осы өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабарлауға;

3) міндетті зейнетақы жарналарын аудару үшін міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың көшірмесін агентке ұсынуға;

4) осы Заңда көзделген жағдайларда зейнетақы аннуитетін жасасуға;

5) зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға және зейнетақы шартының ережелеріне сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

4. Агенттер жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен уақытылы есептеуге, аударуға (есептеуге) және төлеуге міндетті.

19) 28-бап алынып тасталсын;
20) 30-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы арасында міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгілі шарттарға сәйкес жазбаша түрде жасалады.";

2-тармақта:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгілі шарттарды уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді, демек онда мынадай мәліметтер болады:";

11) тармақша "жарналарының" деген сөзден кейін "немесе ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өзге де мәліметтер." ;

21) 31-бапта:

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы тараптардың және өзге адамдардың жауапкершілігі ;

мынадай мазмұндағы 3,4,5-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың және кастодиан-банктердің жауапкершілігінің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерімен және шарттарымен белгіленеді.

4. Егер жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының мөлшері шын мәнінде енгізілген міндетті зейнетақы жарналарынан аз болып қалса, ал зейнетақы жинақтарының азаюы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің және/немесе зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың және/немесе банк-кастодиандердің

кінәсінен болса, жинақтаушы зейнетақы қоры өз қаражаты есебінен зейнетақы жинақтарының жоғалған бөлігін нақты енгізілген зейнетақы жарналары мөлшеріне дейін өтеуді ескере отырып, орнына келтіруге міндетті. Өтеу мөлшері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Зейнетақы жинақтарын аударуды және зейнетақы төлемдерін жүргізуді кешіктірген кінәлі заңды тұлғалар кешіктіру салдарынан құқықтары бұзылған адамның пайдасына шартта көзделген өсімпұлды төлеуге міндетті.";

22) Мынадай мазмұндағы 7-1 тараумен және 31-1, 31-2, 31-3, 31-4 және 31-5 - баптармен толықтырылсын:

"7-1-тарау. Сақтандыру ұйымдарынан зейнетақымен қамсыздандыру

31-1-бап. Сақтандыру ұйымдарынан берілетін сақтандыру төлемдері

1. Осы Заңның 9-бабының 1,2 және 3-тармақтарында көрсетілген адамдар міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарын пайдалана отырып, сақтандыру төлемдерін өмір бойына жүзеге асыру туралы сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға құқылы. Бұл ретте сақтандыру ұйымынан ай сайын берілетін сақтандыру төлемдерінің мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем болмауға тиіс.

2. Осы Заңның 23-бабының 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдардың сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқанда ғана зейнетақы жинақтарын алуға құқығы бар.

Осы тармақта көрсетілген адамдарға сақтандыру төлемдерін сақтандыру ұйымы зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес өмір бойына жүргізеді. Зейнетақы аннуитеті шарты сақтандыру ұйымымен ай сайынғы сақтандыру төлемдерінің мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем болмаған жағдайда жасалады.

3. Осы Заңның 23-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлікке шыққаннан кейін, сондай-ақ әскери қызметтен, ішкі істер органдарындағы қызметтен еңбек сіңірген жылдары үшін босатылған адамдардың өзінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының елу пайызынан аспайтын мөлшерін пайдалана отырып, зейнетақы аннуитеті шартын жасасқанда ғана осы Заңның 9-бабының 1-тармағында көрсетілген жасқа жеткенге дейінгі мерзімге зейнетақы жинақтарын алуға құқығы бар.

4. Осы Заңның 23-2-бабының 1-тармағында көрсетілген адамдардың зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарын пайдалана отырып, зейнетақы аннуитеті шартын жасасқанда ғана осы Заңның 9-бабының 1-тармағында көрсетілген жасқа жеткенге дейінгі мерзімге зейнетақы жинақтарын алуға құқығы бар.

31-2-бап. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу

1. Зейнетақы аннуитетінің үлгілі шартын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

2. Зейнетақы аннуитеті шарты сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) мен

сақтандыру ұйымы арасында осы Заңда тікелей белгіленген жағдайларды қоспағанда, шарт тараптарының келісімімен белгіленген мерзімге жасалады.

3. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасушы тұлға сақтандыру ұйымын таңдауға е р і к т і .

4. Зейнетақы аннуитеті шарты алушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.

5. Зейнетақы аннуитеті шартының талаптары заң актілерінде белгіленген талаптарға қ а й ш ы к е л м е у г е т и і с .

6. Зейнетақы аннуитеті шарты жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жинақтарының сомаларын сақтандыру ұйымына аударған сәттен бастап қолданылады және ол тараптар үшін міндетті болып табылады.

7. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан адамға оны жасасқан күннен бастап екі жыл ішінде зейнетақы аннуитеті шартын бұзуға тыйым салынады.

Зейнетақы аннуитеті шартын мерзімінен бұрын тоқтату басқа сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда ғана мүмкін болады. Зейнетақы аннуитеті шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде оларға көзделген сатып алу сомасы жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері мен сақтандыру ұйымы істі жүргізу үшін жұмсаған шығыстар шегеріле отырып, төленген сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінен кем болмауға тиіс.

31-3-бап. Зейнетақы аннуитеті шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері

1 . С а қ т а н у ш ы :

1) сақтандыру ұйымы жүргізген сақтандыру төлемдері мөлшерінің есептерімен т а н ы с у ғ а ;

2) сақтандыру ұйымынан жүргізілетін сақтандыру төлемдері мөлшерінің есептерін тексеру үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуға;

3) сақтандыру полисі жоғалып қалған жағдайда оның көшірмесін алуға құқылы.

2 . С а қ т а н у ш ы :

1) Зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жинақтаушы зейнетақы қорын осы шарттың түпнұсқасын ұсына отырып хабардар е т у г е ;

2) басқа сақтандыру ұйымымен жаңа зейнетақы аннуитеті шартын жасасқанда оны жасасқан күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде бұрын жасасқан Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша міндеттерді орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және жаңа шарттың түпнұсқасын бұрынғы сақтандыру ұйымына беруге міндетті.

3. Сақтандыру ұйымы зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес зейнетақы жинақтарының сомасын бірмезгілде және толық көлемінде алуға құқылы.

4 . С а қ т а н д ы р у ұ й ы м ы :

1) сақтанушыны сақтандыру ұйымынан берілетін сақтандыру төлемдері мөлшерінің е с е б і м е н т а н ы с т ы р у ғ а ;

2) Зейнетақы аннуитеті шартын үш данада рәсімдеуге, оның екеуі сақтанушыға

б е р і л е д і ;

3) осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын алған сәттен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген сатып алу сомасын сақтандыру ұйымына аударуға;

4) зейнетақы аннуитеті шартында көзделген сақтандыру ұйымынан берілетін сақтандыру төлемдерін уақытында жүзеге асырмаған кезде кешіктірілген әр күн үшін алынбай қалған соманың 1,5 пайызы мөлшерінде сақтанушыға өсімпұл төлеуге;

5) сақтанушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемін отбасына, не қайтыс болған адамды жерлеуді жүзеге асырушы адамға осы Заңда белгіленген мөлшерде жерлеу жәрдемақысы түрінде жүзеге асыруға міндетті.

31-4-бап. Зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударудың тәртібі

1. Жинақтаушы зейнетақы қоры хабарламаны алған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде алушының зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген міндеттерді орындауды

кешіктірген жағдайда жинақтаушы зейнетақы қоры осы Заңның 31-бабының 3-тармағына сәйкес алушы алдында жауапты болады.

31-5-бап. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша есептерді жүзеге асыру

1. Зейнетақы жинақтары (сақтандыру сыйлықақысы) мен сақтандыру төлемдерінің есебін сақтандыру ұйымы не тәуелсіз сарапшы уәкілетті орган белгілеген әдістемеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарты бойынша іс жүргізуге арналған шығыстарының шекті деңгейін уәкілетті орган белгілейді.

23) 32-бап алынып тасталсын;

24) 33-бапта:

баптың тақырыбындағы "мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақтағы "мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақ "сол" деген сөзден кейін "жинақтаушы зейнетақы қорының" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы:

"алушының" деген сөз "салымшының/алушының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"зейнетақы шартын" деген сөздер "зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 34-баптың тақырыбындағы және баптың мәтініндегі "мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын.

26) 36-бапта:

баптың тақырыбындағы "мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының резиденттері және резиденттері емес тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Заңда және уәкілетті органның өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды ескере отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2, 1-3, 1-4-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Рейтинг агенттіктерінің бірінде белгілі бір рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлға ашық жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшысы немесе акционері бола алады. Рейтинг агенттіктерінің тізбесі мен ең төменгі рейтингті уәкілетті орган белгілейді.

Коммерциялық ұйым мәртебесі бар, оффшорлық аймақта тіркелген заңды тұлғалар мен жарғылық қорына оффшорлық аймақта тіркелген заңды тұлғалар тікелей немесе афилиирленген адамдар арқылы қатысатын заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтайшылары немесе акционерлері бола алмайды. Оффшорлық аймақтардың тізбесін уәкілетті орган белгілейді.

1-2. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының шетелдердің қатысуымен жиынтық жарғылық капиталы уәкілетті орган рұқсат берген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының бәрінің жария етілген жиынтығы жарғылық қорының жиырма бес процентінен аспауға тиіс.

1-3. Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлға қатысатын ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының директорлар кеңесі мен басқарма мүшелерінің үштен бірін Қазақстан Республикасының азаматтары құрауы тиіс. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының директорлар кеңесі мен басқармасының Қазақстан Республикасының резиденттері емес мүшелері қызметін қаржы рыногында жүзеге асырушы ұйымдарда кемінде үш жыл басшылық қызмет тәжірибесін куәландырушы құжаттарды ұсынуға міндетті.

1-4. Дауыс беретін акцияларының жиырма бес проценттен астам жиынтығы:

- 1) Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың;
- 2) акцияларының (қатысушылар салымының) елу процентінен астамы Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың меншігінде және (немесе) басқаруында болатын заңды тұлғалар - Қазақстан Республикасы резиденттерінің;
- 3) Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың бағалы қағаздарын номинальды ұстаушылары болып табылатын Қазақстан Республикасы резиденттерінің меншігінде және басқаруында болатын ашық жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың қатысуымен ашық жинақтаушы зейнетақы қоры болып табылады.

2-тармақтағы бірінші және екінші бөліктердегі "акцияларының" деген

сөзден кейін "жалпы санының" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік кәсіпорын жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшысы немесе акционері бола алмайды.";

5-тармақтағы "құрылтайшысы" деген сөзден кейін "немесе акционері" деген сөзбен толықтырылсын;

27) 37-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қорларын мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу әділет органдарының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес рұқсаты болғанда жүзеге асырылады.";

28) 38-бапта:

баптың тақырыбындағы және мәтініндегі "мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақта:

"Мемлекеттік емес" деген сөздер "Жинақтаушы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

"тыйым салынады" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Мемлекеттік" деген сөз жинақтаушы зейнетақы қорының атауында егер құрылтайшылары немесе акционерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі болғанда ғана пайдаланылады";

"Атауда алушының" деген сөздерден кейін "/салымшының" деген сөзбен толықтырылсын;

29) 39-бапта:

3, 3-1, 4 және 5-тармақтары алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Жинақтаушы зейнетақы қорларын - лицензиаттарды қайта құру салдарынан туындайтын жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы жарналарын тартуға, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға, егер бұл құқықтық мирасқорлық көлемінде оларға ауысқан міндеттерден туындайтын болса, лицензия алу үшін белгіленген мерзімдерге уәкілетті орган уақытша рұқсат беруі мүмкін.";

30) 40-бапта:

2-тармақта:

үшінші абзацтағы "алынбаған" деген сөзден кейін "өтелмеген" деген сөзбен толықтырылсын;

төртінші абзацта:

"бұрын" деген сөз "ертеректе" деген сөзбен ауыстырылсын;

"болған адам" деген сөздерден кейін "осы оқиғадан кейін бес жылдан аз уақыт өткен болса," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"уәкілетті орган белгілеген тәртіппен біліктілік емтиханын тапсырмаған адам басшы қызметкер бола алмайды.";

3 - тармақ алынып тасталсын;

3 1) 4 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті уәкілетті орган беретін лицензияның негізінде дербес жүзеге асыруға;

2-2) зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі мәселелер жөнінде сот органдарында салымшының жазбаша өтініші бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен оның мүддесін білдіруге.";

2 - т а р м а қ т а :

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) алушының зейнетақы жинақтарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне және сақтандыру ұйымына осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен аударуға;

7) тармақша мынадай сөздермен толықтырылсын: "жинақтаушы зейнетақы

қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы болмаған жағдайда.";

мынадай мазмұндағы 11), 12), 13) тармақшалармен толықтырылсын:

"11) салымшымен міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға;

12) салымшымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға;

13) әрбір жеке тұлғамен олардың тұратын жеріне қарамастан, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға кепілдікті қамтамасыз етуге.";

3-тармақта

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жеке қажеттіліктеріне сатып алған мүлікті сатуды және қаржы құралдарымен мәмілелерді қоспағанда, уәкілетті орган белгілейтін сауда қызметін жүзеге асыруға;"

б) тармақша алынып тасталсын;

бап мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында сақтауға міндетті пруденциялық нормативтер белгіленеді, олардың құрамына мыналар кіреді:

- 1) жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері;
- 2) резервтік капиталды қалыптастыру;
- 3) меншікті капиталының жеткілікті болуы;
- 4) өзге нормативтер.

Пруденциялық нормативтердің нормативтік маңызы мен есеп айырысу әдістерін, сондай-ақ тиісті есеп беру нысандары мен оны ұсыну мерзімдерін уәкілетті орган белгілейді.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін, онымен және оның құрылтайшыларымен аффилиирленген, жинақтаушы зейнетақы қорының қатысуымен консорциумдарға және қарапайым серіктестіктерге қатысатын адамдар мен ұйымдардың қызметін реттеу шоғырланған негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

Реттеуді шоғырландырылған негізде жүзеге асырудың ережесін уәкілетті орган белгілейді. "

32) 42-бап мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2, 1-3, 1-4-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жарналарын тартуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға арналған лицензиясының қолданылуын кез келген мынадай негіздердің бірі бойынша алты айға дейін тоқтатуға құқылы:

- 1) лицензия берілген ақпараттың жалғандығы;
- 2) лицензия алғаннан кейін жинақтаушы зейнетақы қорының жұмысын бастауды кешіктіруі;

- 3) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт бойынша міндеттемелерін ұдайы (12 күнтізбелік ай ішінде үш және одан да көп жағдайлары) орындамауы немесе тиісті дәрежеде орындамауы;

- 4) жинақтаушы зейнетақы қорының лицензиар белгілеген нормативтерді және орындауға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді ұдайы (12 күнтізбелік ай ішінде үш және одан да көп жағдайлары) бұзуы;

- 5) Қазақстан Республикасының заң және нормативтік құқықтық актілерін, жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы ережелерін және уәкілетті органның

нормативтік құқықтық актілерін бұзуы не уәкілетті органның жазбаша нұсқамаларын о р ы н д а м а у ы ;

б) есептіліктер мен мәліметтерді ұсынбауы немесе қасақана жалған есеп-қисаптар мен мәліметтерді ұсынуы .

1-2. Лицензияның қолданылуын тоқтату жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жарналарын тарту және бұрыннан тартылған салымшылар бойынша зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қызметті жүзеге асыру құқығын сақтай отырып, жаңа салымшыларды тартуына тыйым салынуына әкеп соқтырады.

1-3. Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жарналарын тартуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға арналған лицензиясының қолданылуын тоқтату туралы қабылдаған шешімі басылым беттерінде қазақ және орыс тілдерінде хабарландыруларды жариялау жолымен жинақтаушы зейнетақы қорының салымшыларының назарына жеткізіледі.

1-4. Лицензияның қолданылуын тоқтатқан себептерді жинақтаушы

зейнетақы қорларының белгіленген мерзімде жоймауы оны уәкілетті органның кері қайтарып алуына негіз болады.";

33) 43-бапта:

тақырыбындағы және мәтініндегі "мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақтағы "қордың" деген сөздің алдынан "жинақтаушы зейнетақы" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтағы

"екі аптаның" деген сөздер "он бес күннің" деген сөздермен;

"жазбаша хабардар ету бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті жарияланымдар беру" деген сөздер "екі басылымда мемлекеттік және орыс тілдерінде тиісті хабарландырулар жариялау" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің салымшылар мен алушыларды хабарландыруға қатысты талабы жинақтаушы зейнетақы қоры үшін атауын өзгерткен кезде де міндетті болып табылады";

бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қайта құрылған жағдайда:

1) қосу нысанында - жаңадан құрылған жинақтаушы зейнетақы қоры;

2) бөліну нысанында - жаңадан құрылған жинақтаушы зейнетақы қорлары;

3) бөлініп шығу нысанында - бөлініп шыққан жинақтаушы зейнетақы қорлары,

зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметін жүзеге асыру құқығына жаңа лицензия алуға міндетті.

Қайта құрылған жағдайларда мынадай жинақтаушы зейнетақы қорлары қолдағы бар лицензиясы негізінде зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқылы:

- 1) бөлініп шығу нысанында қайта құру кезінде одан екі немесе одан да көп заңды тұлға бөлініп шыққан жинақтаушы зейнетақы қоры;
- 2) жинақтаушы зейнетақы қоры лицензиясының негізінде біріктіру

нысанында қайта құру кезінде өзіне басқа жинақтаушы зейнетақы қорын қосып алған, қайта құрылған жинақтаушы зейнетақы қоры.

Жинақтаушы зейнетақы қоры корпоративтік түрден ашық түрге қайта құрылған жағдайда қайта құрылған жинақтаушы зейнетақы қоры да жаңа лицензия алуға міндетті.";

34) 44-бапта:

тақырыбындағы және мәтініндегі "мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

3) тармақша "заңдар" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен толықтырылсын;

35) 45-бапта:

тақырыбындағы және баптың мәтініндегі "мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры жинақтаушы зейнетақы қорының таратылатыны туралы күнтізбелік он күн ішінде салымшылар мен алушыларды басылым беттерінде қазақ және орыс тілдерінде хабарландыруларды жариялау жолымен хабардар етуге міндетті."

5 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "зейнетақы шарты" деген сөздер "зейнетақымен

қамсыздандыру туралы шарт" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "қорды" деген сөз "жинақтаушы зейнетақы қорын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Жинақтаушы зейнетақы қорын таратушы комиссияның қызметіне бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.";

36) 46-бапта:

"Жинақтаушы зейнетақы қорының" деген сөздің алдынан "1" деген санмен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Жинақтаушы зейнетақы қорларының меншікті капиталы бұл жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелерін алып тастағандағы оның активтерінің құны. Меншікті капиталды есептеу әдістемесін уәкілетті орган белгілейді.";

37) 47-бапта:

1-тармақ алынып тасталсын;

2-тармақтағы:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жинақтаушы зейнетақы қорының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін, оны қалыптастырудың тәртібін және құрамын уәкілетті орган белгілейді.";

екінші бөліктегі:

"мемлекеттік емес" деген сөз алынып тасталсын;

"қосымша эмиссия" деген сөздер "қосымша шығару" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қор" деген сөздің алдынан "жинақтаушы зейнетақы" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Құрылтайшылар немесе акционерлер-заңды тұлғалар ақшаны жарғылық капиталға енгізеді, жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын меншікті капиталының шегінде төлейді.

Құрылтайшылар немесе акционерлер-заңды тұлғалар ақшаны жарғылық капиталға енгізеді, жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын салық заңдарында табысы және мүлігі туралы декларация беру бөлігінде белгіленген талаптарды ескере отырып төлейді."

5 - т а р м а қ т а :

"лицензия" деген сөздің алдынан "зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру құқығына" деген сөздермен толықтырылсын;

тармақ "жарғылық капитал" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

бап мынадай мазмұндағы тармақпен толықтырылсын:

"6. Уәкілетті орган құрылтайшылар мен жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлерінен құрылтайлық құжаттар мен қаражат есептемесін ұсынуды талап етуге, сондай-ақ мемлекеттік органдардан қажетті мәліметтерді сұратуға құқылы.";

38) 48-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын.

"1. Комиссиялық сыйақылардың шекті шамасын Қазақстан Республикасының
Ү к і м е т і :

1) түскен зейнетақы жарналарының 0,5 пайызынан;

2) инвестициялық кірістің 10 пайызынан;

3) тоқсанына зейнетақы активтерінің 0,05 пайызынан аспайтын шекте белгілейді.

Комиссиялық сыйақының мөлшері жылына кемінде бір рет өзгеруі және

енгізілуден кем дегенде бір ай бұрын жариялануы мүмкін. Комиссиялық сыйақыны өндіріп алудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

39) 49-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Алушылардың/салымшылардың жеке шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы қаражатының есебі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен бөлек жүргізіледі.";

"алушылардың" деген сөз "салымшылардың/алушылардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

40) 50-бапта:

тақырыбындағы және 1-тармақтағы "алушының" деген сөз алынып тасталсын;

1-тармақтағы:

"алушының" деген сөздің алдынан "салымшының/" деген сөзбен толықтырылсын;

"осы шоттардағы" деген сөздердің алдынан "салымшылардың" деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақ "алушының" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес рәсімделген" деген сөздермен толықтырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "жүргізіп отырған" деген сөзден кейін "қылмыстық" деген сөзбен толықтырылсын;

4) тармақша "не олардың жинақтаушы зейнетақы қорына тексеру жүргізуіне байланысты" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 5), 6) тармақшалармен толықтырылсын:

"5. Прокурорға - тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде, өзінің

қарауындағы өзінің құзырына жататын материалдар шегінде";

6) салымшының/алушының өкілдеріне - нотариалды куәландырылған

сенімхат негізінде";

41) 11 бөлімнің тақырыбындағы "мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

42) 51-бапта:

тақырыбындағы және баптың мәтініндегі "мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

баптың мәтініндегі "компания" деген сөзден кейін "не қызметтің осы түрімен айналысуға лицензиясы болғанда жинақтаушы зейнетақы қоры дербес" деген сөздермен толықтырылсын;

"бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі" деген сөздер алынып тасталсын;

43) 52-бапта:

тақырыбындағы және баптың мәтініндегі "мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақтағы "жабық" деген өз алынып тасталсын;

1-1, 1-2, 1-3, 1-4, 1-5 тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Заңды және жеке тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттері және резиденттері емес тұлғалар осы заңда және уәкілетті органның өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды ескере отырып, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның құрылтайшылары және акционерлері бола алады.

1-2. Рейтинг агенттіктерінің бірінде белгілі бір рейтингі бар заңды тұлға - қаржы ұйымы ғана Қазақстан Республикасының резиденті емес зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның құрылтайшысы және акционері бола алады. Рейтинг агенттіктерінің тізбесі мен ең төменгі рейтингті уәкілетті орган белгілейді.

Коммерциялық ұйым мәртебесі бар, оффшорлық аймақта тіркелген заңды тұлғалар мен жарғылық қорына оффшорлық аймақта тіркелген заңды тұлғалар тікелей немесе аффилиирленген адамдар арқылы қатысатын заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның құрылтайшылары немесе акционерлері бола алмайды. Оффшорлық аймақтардың тізбесін уәкілетті орган б е л г і л е й д і .

1-3. Ашық акционерлік зейнетақы қорларының шетелдер қатысқандағы жиынтық жарғылық капиталы, уәкілетті орган рұқсат еткен жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының бәрінің жиынтықты жария етілген жарғылық капиталының елу пайызынан аспауға тиіс.

1-4. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының директорлар кеңесі және басқарма мүшелерінің Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалары қатысқандағы үштен бірін Қазақстан Республикасының азаматтары құрауы тиіс. Қазақстан

Республикасының резиденттері емес тұлғалары - ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының директорлар кеңесі және басқарма мүшелері қаржы рыногындағы қызметті жүзеге асырушы ұйымдарда кемінде үш жыл басшы жұмысына ақы төлегені туралы көрсететін құжаттарды ұсынуға міндетті.

1-5. Дауыс беретін акцияларының жиырма бестен астам пайызы жиынтықты түрде:

1) Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың;

2) акцияларының (қатысушылар салымының) елу пайызынан астамы Қазақстан Республикасының меншігінде және (немесе) басқаруында болатын заңды тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттерінің;

3) Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың бағалы қағаздарын номинальды ұстаушылары болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттерінің меншігінде және басқаруында болатын ашық жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың қатысуымен зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар болып табылады.

3-тармақтағы "бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

4 4) 5 3 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

т ө р т і н ш і а б з а ц т а ғ ы :

"бұрын" деген сөз "ертеректе" деген сөзбен ауыстырылсын;

абзац "болған адам" деген сөздерден кейін "егер бұл оқиғадан кейін бес жылдан кем уақыт өткен болса" деген сөздермен толықтырылсын;

абзацтағы "ұшыраған" деген сөзден кейін "уәкілетті орган белгілеген тәртіппен келісуден өтпеген" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның басшы қызметкерінің кандидатурасы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісілуге тиіс.";

Уәкілетті орган зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияның басшы қызметкерін сайлауға (тағайындауға) берілген келісімді мынадай негіздерде:

1) негізінде келісім берілген жалған мәліметтер анықталған;

2) зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық қызметпен байланысты құқық бұзғаны үшін жыл ішінде екі және одан да көп әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы туралы деректердің болуы;

3) осы баптың 2-тармағында көзделген талаптарға сай келмеуі

негіздерінде қайта қарауға құқылы.";

4-тармақтағы:

"уәкілетті орган" деген сөздерден кейін "белгіленген тәртіппен" деген

сөздермен толықтырылсын;

"бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі" деген сөздер алынып тасталсын;

45) 54-бапта:

тақырыбындағы және баптың мәтініндегі "мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақ "не қызметтің мұндай түрімен айналысуға құқық беретін уәкілетті орган берген лицензиясы болғанда жинақтаушы зейнетақы қоры дербес жүзеге асырады." деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

"пропорциялы" деген сөз "сәйкес" деген сөзбен толықтырылсын;

"басқаруға" деген сөздің алдынан "инвестициялық" деген сөзбен толықтырылсын;

"бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге

асырушы жинақтаушы зейнетақы қорларының басқа жинақтаушы зейнетақы қорларымен олардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға шарт жасасуға құқығы жоқ.";

46) 55-бапта:

баптың мәтініндегі "мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақта:

1), 4), 5) және 6) тармақшалардағы "бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі" деген сөздер алынып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) уәкілетті орган белгілеген мерзімде және тәртіпте өз қызметі туралы есеп беруге;"

47) 56-баптағы "бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі" деген сөздер алынып тасталсын;

48) 57-бапта:

"бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер алынып тасталсын;

"нормативтер белгілейді" деген сөздерден кейін "оларға мыналар жатады:

1) жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері;

2) резервтік капиталды қалыптастыру;

3) меншікті капиталының жеткіліктілігі;

4) өзге нормативтер.

Пруденциялық нормативтердің нормативтік маңыздары мен есеп әдістемесін, сондай-ақ тиісті есептеменің нысандары мен оны ұсынудың мерзімін уәкілетті орган белгілейді. " ;

49) 58 - бапта :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметін уәкілетті орган заңдарда белгіленген тәртіппен лицензиялайды.;"

екінші бөліктегі "бағалы қағаздар рыногын реттеу жөніндегі", "және брокерлік-дилерлік қызметті" деген сөздер алынып тасталсын;

50) 59-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен жасалған шартты біржақты тәртіппен бұзуға және зейнетақы активтерін дұрыс басқармаудан туындаған шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.;"

51) IV-бөлімнің тақырыбындағы "Әділет министрлігі жүйесінің қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын, "қызметкерлерін" деген сөзден кейін " және соларға теңестірілген адамдарды" деген сөздермен толықтырылсын;

52) 60 - бапта :

1 - тармақта :

бірінші бөлікте :

"жылы бар" деген сөздерден кейін "толық көлемінде" деген сөздермен толықтырылсын ;

"Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес соларға теңестірілген адамдардың" деген сөздермен толықтырылсын ;

1) және 2) тармақшалардағы :

"Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын ;

"сіңірген жылы бар" деген сөздерден кейін "1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша оның кемінде 10 жылы әскери қызметті немесе ішкі істер органдарындағы қызметті құрайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшада :

"ішкі істер органдарының қызметкерлері" деген сөздер "соларға теңестірілген адамдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ішкі істер органдары" деген сөздердің алдындағы "Қазақстан Республикасының" деген сөздер алынып тасталсын ;

"6 айын" деген сөздерден кейін "соның ішінде 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде 10 жылын" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша "ішкі істер" деген сөздерден кейін "соның ішінде 1 қаңтардағы жағдай бойынша оның кемінде 10 жылы" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Еңбек сіңірген жылдары үшін толық емес көлемдегі зейнетақы төлемдеріне:

1) әскери қызметте, ішкі істер органдары қызметінде кемінде 25 жыл еңбек сіңірген жылдары бар, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша оның 10 жылын әскери қызмет пен ішкі істер органдарындағы қызмет құрайтын және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекті жасына жеткен;

2) әскери қызметте, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметінде кемінде 25 жыл еңбек сіңірген жылдары бар, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша оның 10 жылын әскери қызмет пен ішкі істер органдарындағы қызмет құрайтын, штаттың қысқаруына немесе денсаулық жағдайына байланысты жұмыстан босатылған әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары қызметкерлерінің, соларға теңестірілген адамдардың құқығы бар.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қылмыс жасағаны үшін сотталуына байланысты босатылған адамдарды қоспағанда, қызметтен босатылған және 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 10 жыл және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қызметкерлеріне, соларға теңестірілген адамдарға осы баптың 1-тармағы бойынша еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алуға құқығы болмаған ретте зейнетақы төлемдері осы Заңға сәйкес жалпы негіздерде Орталықтан тағайындалады." ;

3 - т а р м а қ т а :

"Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

"арнаулы" деген сөз "әскери" деген сөзбен ауыстырылсын;

"сыныптық біліктілігі" деген сөздер алынып тасталсын;

5 3) 6 1 - б а п т а :

1-тармақтағы "Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2 - т а р м а қ т а :

"Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын, "қызметкерлерге" деген сөзден кейін "соларға теңестірілген адамдарға" деген сөздермен толықтырылсын:

"60-бабының" деген сөзден кейінгі "1" деген сан "1-1" деген санмен ауыстырылсын;

"2,4" деген сан "2" деген санмен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Әскери қызметте, ішкі істер органдарындағы қызметте 25 жылдан артық істеген әрбір жылы үшін 60-баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес тағайындалған толық көлеміндегі зейнетақы мөлшері ақшалай үлестің 2 процентіне және әскери қызметте, ішкі істер органдарындағы қызметте еңбек сіңірген жылдары үшін жалпы стажының әрбір жылы үшін 1 пайызына көбейеді.

25 жылдан артық істеген жалпы еңбек стажының әрбір жылы үшін 60-баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес тағайындалған толық көлеміндегі зейнетақы мөлшері осы Заңның 63-бабына сәйкес белгіленетін ақшалай үлестің 1 процентіне көбейеді." ;

4 - тармақ алынып тасталсын ;

5-тармақтағы "ішкі істер органдары қызметкерлері" деген сөздерден кейін "соларға теңестірілген адамдар" деген сөздермен толықтырылсын ;

5 4) 6 2 - б а п т а ғ ы :

"Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын, "қызметкерлерінің" деген сөзден кейін "соларға теңестірілген адамдардың" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындауға арналған еңбек сіңірген жылдары жеңілдікті шарт негізінде, ал 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап - күнтізбелік негізде есептелуі мүмкін." ;

5 5) 6 3 - б а п т а :

1-тармақтағы "Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын, "қызметкерлерінің" деген сөзден кейін "соларға теңестірілген адамдарды" деген сөздермен толықтырылсын ;

2-тармақтағы "қызметкерлерін" деген сөздер "соларға теңестірілген адамдарды" деген сөздермен ауыстырылсын ,

3-тармақтағы "Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын, "қызметкерлерін" деген сөзден кейін "соларға теңестірілген адамдарды" деген сөздермен толықтырылсын ;

56) 64-бапта "Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын, "қызметкерлерін" деген сөзден кейін "соларға теңестірілген адамдарды" деген сөздермен толықтырылсын ;

5 7) 6 5 - б а п т а :

1-тармақтағы "Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын ;

2-тармақтағы "Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын, "қызметкерлері" деген сөзден кейін "соларға теңестірілген адамдар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әскери қызметте, ішкі істер органдарындағы қызметте кемінде он жыл стажы бар әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының қызметкерлері, соларға-теңестірілген адамдар үшін осы Заңның 63-бабының 2-тармағында белгіленген ақшалай үлестің 20 проценті мөлшерінде жинақтаушы зейнетақы қорына, салымшының қалауы бойынша тиісті бюджеттердің есебінен зейнетақы жарналарын енгізу тәртібі енгізіледі.";

екінші бөлігіндегі "Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын "қызметкерлері" деген сөзден кейін "соларға теңестірілген адамдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын, "қызметкерлері" деген сөзден кейін "соларға теңестірілген адамдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 8) 6 6 - б а п т а :

баптың тақырыбындағы "Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын, "қызметкерлерін" деген сөзден кейін "соларға теңестірілген адамдарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әскери қызметшілер мен ішкі істер органдарының қызметкерлеріне, соларға теңестірілген адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындауды тиісті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырады.".

2-тармақтағы "Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын, "қызметкерлерін" деген сөзден кейін "соларға теңестірілген адамдарды" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті